



## БҰЙРЫҚ

30.05.2017ж. № 268

Қостанай қаласы

## ПРИКАЗ

город Костанай

### Банкроттық басқарушыны шеттету туралы

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 07 наурыздағы №176-V Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 10-тармағына және 15-бабының 3) тармақшасына сәйкес, 2017 жылғы 10 мамырдағы «ELKOM» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің (бұдан әрі - ЖШС) кредиторлар жиналысының хаттамасы негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Банкроттық басқарушы Жадра Куандыковна Агитаева кредиторлар жиналысының шешіміне байланысты «ELKOM» ЖШС-ның мүлкін және істерін басқарудан шеттетілсін.

2. Ж.К. Агитаева үш жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде борышкердің барлық құжаттарын, құрылтай, қаржылық және мүлікке құқық белгілейтін құжаттарды қоса, борышкердің барлық мүлкін (активтер), сондай-ақ борышкердің мөрін жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға тапсырсын.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау басшының орынбасары С.А.Ахметовке жүктелсін.

Департамент басшысы



А. Паяев